

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 15 қазан N 1127

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алматы облысының әкімшілік орталығын көшіру туралы" 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 585 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Жетісу мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) қ ұ р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Алматы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті" мемлекеттік мекемесі оған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Талдықорған мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті" мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұ й ы м д а с т ы р ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мекеменің штат санын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық органдары қызметкерлерінің штат саны лимитінің шегінде анықтасын.

4. Көрсетілген мекемелерді қаржыландыру Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен және шегінде жүргізіледі деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) *күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1119 қаулысымен.*

2) "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 шілдедегі N 930 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 32-33, 295 - құжат):

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының тізбесі осы қаулыға қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес бекітілсін.";

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 15 қазандағы
N 1127 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 5 шілдедегі
N 930 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының тізбесі

1. Астана қаласы мемлекеттік Мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
2. Ақмола мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
3. Алматы қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
4. Алматы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
5. Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
6. Атырау мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
7. Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
8. Шығыс Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
9. Жамбыл мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
10. Батыс Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
11. Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
12. Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
13. Қостанай мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
14. Маңғыстау мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
15. Павлодар мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
16. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
17. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті
18. Арқалық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті
19. Жезқазған мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті
20. Жетісу мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті
21. Семей мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК